ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 9 маусым №1513-23-00-2/567 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Благодар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 1 ақпанда талап қоюшы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Благодар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жауапкер «СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (өнім беруші) арасында «бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттк сатып алудың қорытындылары негізінде №5 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған. Шартты талаптарына сәйкес, өнім беруші өрт/күзеттік хабарлағышты/өрт сөндіру/бейнебақылау жүйелерін және ұқсас жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге міндеттелген.

Шарттың жалпы сомасы 97 555 теңгені құрайды. Өнім беруші қызмет көрсетуді ай сайын 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асыруға міндеттелген.

Шарт 2023 жылғы 31 наурызда бұзылған.

Тапсырыс беруші сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттері негізінде қызмет көрсетпегені үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 12.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Жусупов А. М., 18.07.2023
1513-23-3-1/586

Сот отырысына дайындық барысында талап қоюшының өкілі жауапкер техникалық ерекшелікке сәйкес, бейнебақылау жүйесін жөндеу, әр сыныпқа бейнебақылау орнату, даладағы бейнебақылау жүйесін ретке келтіру және керекті материалдарды қоса қамту қызметтерін атқару қажет болғанын, демек, әр сыныпқа бейнебақылау орнатуды өз есебіне жүргізу керек болғанын түсіндіріп, талап қоюды қолдап, толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысына дайындықта талап қоюды мойындамай, ақпан айында бейнебақылау қызметінің маманы жіберіліп, тапсырыс берушінің ғимаратында күрделі жөндеуден кейін жүйенің барлық кабельдері үзілгені анықталды, маманмен кабельді сатып алуға және бейнебақылау жүйесін орнатуға ақаулық актісі жасалып қол қойылғанын түсіндірді. Алайда, тапсырыс берушімен кабельдердің сатып алынбауына байланысты, жауапкер өзінің шарттық міндеттемелерін орындамағанын айтты.

Талап қоюшы сотқа істі өзінің қатысуынсыз қарау жөнінде өтінішін жолдады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме–міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 12.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Жусупов А. М., 18.07.2023
1513-23-3-1/586

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, яғни сотқа талап қоюмен уақытылы жүгінген.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, мердігер бейнебақылау жүйесін жөндеу, әр сыныпқа бейнебақылау орнату, даладағы бейнебақылау жүйесін ретке келтіру және керекті материалдарды қоса қамтуға міндеттеледі.

Сотта анықталғандай, жауапкер шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған.

Сот, жауапкер өкілінің кабельдер Тапсырыс берушінің есебіне алыну қажет деген уәждерін негізсіз деп санайды, себебі жауапкердің бұл уәждері қандай да бір дәлелдемелермен расталмайды. Техникалық ерекшелікке сәйкес, мердігер қызмет көрсетуге қажетті барлық материалдармен қамтамасыз етеді, оның ішінде әр сыныпқа бейнебақылау камерасын орнату да кіреді.

Жауапкердің мұндай талаптар бойынша қызмет көрсетуі тиімсіз деген уәждерін сот назарға алмайды, себебі, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады (АК-нің 10-бабы).

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Благодар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жергілікті бюджетке 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 12.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Жусупов А. М., 18.07.2023
1513-23-3-1/586

Судья Ж.Ж.Биманова

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 12.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Жусупов А. М., 18.07.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»